

FTAMP/SRSTI/ГРНТИ 21.15.21

<https://orcid.org/0000-0003-4238-288X>
e-mail: alash-ordabasi@mail.ru

ФЕРҒАНА ЖАЗЫҒЫНДАҒЫ АЛЛАҢШЫЛАР ТАРИҚАТЫ: ТАРИХИ-ДІНИ ТАБИҒАТЫ МЕН РУХАНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мұхан Исахан

Философия ғылымдарының PhD
докторы, қауымдастырылған
профессор,
Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті, университеті
Қазақстан, Алматы қ.

Ақмарал Сатыбалдиева

Докторант, Нұр-Мұбарак
Египет ислам мәдениеті
университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

طريقة اللهشيين في سهل فرغانة: طبيعتها التاريخية والدينية وخصائصها الروحية

Сатиялдиға Ақмерал

Студентка докторанта в исследованиях
исламской культуры,
Университет Нур-Мубарак Египет
Исламской культуры,
Казахстан, Алматы.

Моқан Ісахан

Докторант в философии, Аستاذ مشارك,
Университет Нур-Мубарак Египет
Исламской культуры,
Казахстан, Алматы.

THE ALLAHCHILAR SUFI ORDER IN THE FERGANA VALLEY: ITS HISTORICAL-RELIGIOUS NATURE AND SPIRITUAL CHARACTERISTICS

Mukhan Isakhan

PhD in Philosophy, Associate
Professor,
Nur-Mubarak Egyptian University of
Islamic Culture
Almaty, Kazakhstan

Akmaryl Satybaldieva

PhD Studies, Nur-Mubarak Egyptian
University of Islamic Culture
Almaty, Kazakhstan

ТАРИКАТ АЛЛАХЧЫЛАР В ФЕРГАНСКОЙ ДОЛИНЕ: ЕГО ИСТОРИКО-РЕЛИГИОЗНАЯ ПРИРОДА И ДУХОВНЫЕ ОСОБЕННОСТИ

Мухан Исахан

Доктор PhD по философии, доцент,
Египетский университет исламской
культуры Нур-Мубарак
г. Алматы, Казахстан

Акмарал Сатыбалдыева

Докторант PhD по религиоведению,
Египетский университет исламской
культуры Нур-Мубарак
г. Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Бұл мақалада XIX–XX ғасырлардағы Ферғана жазығында өмір сүрген Аллаһшылар немесе Лаһчилер тариқатының шығу тегі, діни дәстүрі мен тарихи эволюциясы зерттеледі. Зерттеу барысында авторлар Баткен облысына жасаған ғылыми экспедицияның нәтижесінде жинақталған материалдарға сүйеніп, осы тариқаттың Қожа Ахмет Ясауи жолына қатысты діни сипатын, сопылық ерекшеліктерін және кеңестік кезеңдегі тағдырын жан-жақты сипаттайды. Мақалада Лаһчилердің пайда болуы мен қалыптасуының әлеуметтік-экономикалық алғышарттары талдана отырып, оларды «пақырлық» пен «махаббатқа» негізделген рухани әдіснама ұстанушылары ретінде сипаттайды. Сонымен қатар кеңестік билік тұсындағы Лаһчи тариқатының конспирологиялық әрекеттері, діни қысымға қарсы стратегиялары және кеңестік идеологиямен шектеулі ымыраласуы мәселелері де қозғалады. Авторлар Лаһчи тариқатының Нахшбандия тариқатымен doctrinal қайшылықтарын да нақтылайды. Зерттеу барысында сопылардың зікір мен самә рәсімдерінде музыкалық аспаптарды қолдануы, ерлер мен әйелдердің бірге зікір айтуы сынды ерекшеліктеріне ерекше назар аударылады. Бүгінгі таңда бұл тариқат өкілдерінің діни ритуалдары әлсірегенімен, Ясауи мұрасына деген қызығушылығы сақталғаны көрсетіледі. Мақала Орталық Азиядағы дәстүрлі сопылық мектептердің тарихи сабақтастығын және қазіргі діни санадағы орнын зерделеуге бағытталған.

Түйін сөздер: Лаһчилер, Ферғана жазығы, Ясауи жолы, сопылық, кеңестік кезең, діни ритуалдар.

الملخص: تتناول هذه المقالة أصل وتقاليد وتطور الطريقة الصوفية المعروفة باسم "اللاهسيون" أو «لاهسيون» التي نشأت وعاشت في سهل فرغانة خلال القرنين التاسع عشر والعشرين. يستند المؤلفان في دراستهما إلى نتائج بحث علمية إلى محافظة باتكين، حيث جمعا معلومات ميدانية حول أتباع الطريقة المرتبطة بالتقاليد اليسوية المنسوبة إلى الشيخ أحمد يسوي. تستعرض الدراسة الأسس الاجتماعية والاقتصادية لظهور الطريقة، وتبرز خصائصها الروحية المبنية على الفقر والمحبة. كما تتناول المقالة مواقف لاهسيين خلال الحقبة السوفيتية، بما في ذلك استراتيجياتهم السرية لمواجهة القمع الأيديولوجي، ومحاولاتهم المحدودة للتعايش مع النظام القائم. وتبرز الدراسة الخلافات العقائدية بين لاهسيين وأتباع النقشبندية، إضافة إلى الطقوس المتميزة مثل الذكر الجماعي المصحوب بالموسيقى ومشاركة الرجال والنساء معاً. ورغم تراجع ممارسة الطقوس التقليدية في العصر الحديث، تظل هناك اهتمام واضح بتراث أحمد يسوي في أوساط أتباع هذه الطريقة. وتعد هذه المقالة مساهمة في فهم استمرارية المدارس الصوفية التقليدية في آسيا الوسطى وموقعها في الوعي الديني المعاصر.

الكلمات المفتاحية: لاهشيون، سهل (وادي) فرغانة، الطريقة اليسوية، التصوف، الحقبة السوفيتية، الطقوس الدينية.

Abstract. This article explores the origins, religious traditions, and historical development of the Allahchilar (Lahchilar) Sufi order that flourished in the Fergana Valley during the 19th and 20th centuries. Based on field research conducted during a scientific expedition to the Batken region, the authors examine the spiritual lineage of this community linked to the Yassawi path of Khoja Ahmad Yassawi. The study analyzes the socio-economic factors underlying the emergence of the order and portrays the Lahchilar as followers of a spiritual doctrine centered on poverty and divine love. The article also discusses their clandestine strategies under Soviet rule, their limited compromises with communist ideology, and doctrinal tensions with the Naqshbandi order. Particular attention is given to their unique rituals, including musical chanting of “Divan-i Hikmet” accompanied by instruments and mixed-gender dhikr ceremonies. Although traditional practices have diminished today, the article highlights the enduring interest in Yassawi’s heritage among followers. The study contributes to understanding the historical continuity of traditional Sufi schools in Central Asia and their relevance in contemporary religious consciousness.

Keywords: Lahchilar, Fergana Valley, Yassawi path, Sufism, Soviet period, religious rituals.

Аннотация. В статье рассматривается происхождение, религиозные традиции и историческая эволюция суфийского тариката Аллахчылар (Лахчылар), существовавшего в Ферганской долине в XIX–XX веках. Основываясь на материалах научной экспедиции в Баткенскую область, авторы исследуют духовную связь данной общины с учением Ходжи Ахмета Ясави. Анализируются социально-экономические предпосылки возникновения тариката, а его последователи представлены как носители духовной доктрины, основанной на бедности и божественной любви. Особое внимание уделено тайным стратегиям Лахчылар в условиях советской власти, их ограниченному компромиссу с коммунистической идеологией и доктринальным противоречиям с тарикатом Накшбандия. В работе подчеркиваются уникальные ритуалы – зикр с музыкальным сопровождением и участие в нем мужчин и женщин вместе. Несмотря на ослабление религиозных практик в современности, интерес к наследию Ясави среди последователей сохраняется. Статья направлена на изучение исторической преемственности традиционных суфийских школ Центральной Азии и их роли в современном религиозном сознании.

Ключевые слова: Лахчылар, Ферганская долина, ясавийский путь, суфизм, советский период, религиозные обряды.

КІРІСПЕ

XX ғасыр басында пантүрікшілдік идеологиясы белең алған шақта, түркі халықтары ұстанатын мұсылмандық мәдениет – Ясауи жолы құндылықтары болуы тиіс деген ой-тұжырым ортаға

шықты. Бұл ой-тұжырымды тұңғыш болып айтқан Исмайыл Гаспыралы болатын. Оның ізін басқан Фуад Көпірұлы Ясауи тақырыбында зерттеу жүргізіп, монография жазып шықты. Алаш зиялыларынан Міржақып Дулатов,

Жүсіпбек Аймауытов, Серәлі Лапин, т.б. зерттеушілер Ясауи тақырыбында мақалалар жазды. Олардың көпшілігі тарихта түркі халықтарына Құл Қожа Ахмет Ясауи салған діни әдістеменің өтімді болғанын бірауыздан мойындай келіп, алайда XIX ғасыр басында Ясауи силсиләсі Нахшбандия тариқатының ассимиляциясына ұшырағанын, яғни түркілердің мұсылмандық жолының түпнұсқасы сақталмағанын алға тартты.

Біздіңше, мұсылман әлеміндегі Ясауи силсиләсін ұстанушы әр жерде шашырап жүрген діни топтар туралы мағлұматтарға қол жеткізбегендіктен, пантүрікшіл зерттеушілер осындай біржақты тоқтамға келген тәрізді. Әйтпесе, XX ғасыр басында Бұқара төңірегінде Салахаддин қожа, Любабта Мұхаммед Шәриф ата бастаған Ясауи сопылары, сондай-ақ Ферғанада Аллаһшылар, Қоканда Мәжзубия, Мешхедте Сайфия, Ходжентте Хусайния секілді Ясауи жолын ұстанушы діни топтар өмір сүрді (1, 6 б.). Біржағынан Ясауи жолында мәләмилікті¹ ұстану шарт болғандықтан, аталған діни топтар қалың бұқараға таныла қоймаған секілді. Екінші жағынан, Ясауи тақырыбына қалам тартқан азаматтар негізінен теориялық тұрғыда зерттеу жүргізген. Көбінесе ғылыми айналымда бар қолжазбаларды талқылаумен шектелген. Ал Ясауи жолын ұстанушы сопылардың бар-жоғын анықтап, оған қатысты тәжірибелік зерттеулер жасамаған.

Бүгін жоғарыдағы тұжырымның жаңсақ екенін көрсету үшін XIX-XX

ғасырларда Ферғана жазығында өмір сүрген Аллаһшылар (Лаһчилер) тариқаты туралы ізденісімізді жариялап отырмыз. Бір жыл бұрын шетелдік әріптестерімізбен бірге Қырғызстанның Баткен облысына ғылыми экспедиция жасап, Лаһчилерге қатысты зерттеу жүргізген болатынбыз. Аталған діни топ өкілдері Ферғана жазығында (*вади*) әлі күнге дейін өмір сүріп келеді. Назарларыңызға ұсынылған мағлұматтарға осы экспедиция барысында қол жеткізілді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бұл сопылық қауымдастықты Баткенде «Лаһчи» деп атағанымен, Қадамжай өңірінде оларды «Аллаһшы» (2, 3 б.) деп атайды. Тарихи дереккөздерде «Лачилер» деген атпен де кезігеді. Бұл есім – оларға «Аллаһ» деп зікір айтуына байланысты қойылған. Кейбір ауызша деректерде «Лаһчи» атауы қырғыздардағы «Лашын» руына байланысты пайда болғандығы айтылады (3, 77 б.). Алайда, Лаһчилер көбінесе Қырғыздың Ичкилик ішіндегі Қыпшақ және Найман руларына көбірек тараған. Сол себепті, «Лаһчи» атауын «Лашын» руымен байланыстырудың еш реті жоқ деп ойлаймыз. Сонымен қатар «лашын» атты құс атауымен байланыстыратын пікірлер (3, 77 б) де кезігеді. Бірақ бұл пікір де қисынсыз. Себебі сопылық қауымдастық өкілдері құс ұстаумен шұғылданбайды. Бұл есім – негізінен оларға «Аллаһ» деп зікір айтуына байланысты қойылған.

Қазіргі уақытта өмір сүріп жатқан Ферғана жазығындағы тариқат

¹ Дін адамы болып көрініп мақтанбау, рия жасамау, барынша қарапайым болу.

өкілдерінің айтуына қарағанда, Лаһчилер сопылық қауымдастығын XV-III ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Қожа Матлуб Әли атты шайхы негізін қалаған. Қожа Матлуб Әли шайхының қабірі Баткен облысы Қайыңды ауылында (ескі Раут қыш-лағы) орналасқан (2, 4 б.). Археолог-тар мен антропологтар қабірге және қабір басына тұрғызылған сағанаға зерттеу жұмысын жүргізбеген. Бірақ Қайыңды ауылындағы Лаһчилер тариқатының өкілдерінің жеткізуінше Қожа Матлуб Әли шайхы осы төңірекке Ясауи тариқатын алғаш әкелген дін қайраткері.

Басқа деректерде XIX ғасырда Ферғана жазығында Ясауи тариқатының «Мәжзубия» атты тармағының өмір сүргендігі айтылады. Қоқан шаһарында Ясауи ілімін насихаттаған Хакім Халифа атты ишанның жеке медресесі болғандығы туралы мәліметтер ұшырасады (4, 45 б.). Жалпы, XIX ғасырда Ферғана жазығын мекендеген мұсылмандарға Құл Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» кеңінен таныс болған. Н. Тосунның зерттеулеріне қарағанда, Ферғана жазығында «Диуани хикметке» еліктеп «Диуан» жинақтарын шығарған бір-қатар сопы ақындар шыққан. Осыған орай, аталған өңірде Ясауи тариқаты өкілдерінің өмір сүргеніне еш күмән-данбауға негіз бар.

Жазба деректер бойынша Лаһчилер тариқатын Ферғана жазығында 1870 жылдары Сәнивар атты шайхы құрған (5, 28 б.). Келесі бір деректер бойынша бұл сопылық қауымдастықты XIX ғасырдың екінші жартысында Ферғана жазығында Лаһчи ишан атты

дін қайраткері негізін қалаған (3, 94 б.). Француз зерттеушісі А. Беннигсенның мәлімдеуінше «Лаһчилер» тариқаты 1870 жылы Қоқан хандығы дәуірінде құрылған (6, 117 б.). Лаһчилердің қашаннан қалыптасқан иерархиялық жүйесіндегі «Ишан ата» титулына қарап, әу баста бұл діни топтың негізін салған тұлғаның ишан мақамына ие болғанын байқауға болады. Бірақ Лаһчилер тариқатын құрған Қожа Матлуб Әли ме, Сәнивар шайхы ма, жоқ әлде Лаһчи ишан ба, бұл мәселе әлі де зерттеуді қажет етеді.

Түрік зерттеушісі А. Яманның пікірінше, XIX ғасырдың екінші жартысында Қоқан хандығы қаржылық-экономикалық тұрғыда дағдарысты басынан кешірді. Мемлекетті сақтап қалу үшін алым-салықтың мөлшері көбейтілді. Оған қарсы түрлі бас көтерулер орын алды. Қанды қырғындарға ұласқан осы көтерілістердең соң қара халық кедейленген үстіне кедейленді. Үстем тап өкілдері керісінше байыған үстіне байи түсті. Осы тұста пақырлықты ұлықтап, Хакқа деген махаббаттанудан рухани ләззаттанатын Лаһчилер атты сопылық ағым пайда болды. Бұл рухани ұстанымымен олар сол кезде орын алған қарама-қайшылықты еңсеріп, тығырықтан шығудың сәтті жолын тапқандай күй кешкен (3, 96 б.). Яғни, А. Яманның тұжырымдауынша Лаһчилердің тарих сахнасына шығуының әлеуметтік-экономикалық себептері де жоқ емес.

Лаһчилердің дәстүрі бойынша еркектер мен әйелдер зікірханада Құл Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметін» музыкалық (*дутаp*) аспаппен

жырлап, самә¹ ритуалын жасап, зікір салатын. Еркектер мен әйелдердің бірге дауыстап зікір салуы, музыкамен самә рәсімін жасауы, аталған өңірде өркен жайған Нахшбандия тариқатының ережелеріне² қайшы келетін. Сол себепті, Нахшбандия өкілдері Лаһчилердің бұл әрекетіне қарсы тұрды. Оларға түрлі айыптауларды үйіптөкті (3, 95 б.). Қырғыз тарихшысы С. Мамбеталиевтың жеткізуінше Қоқан билеушісі Хұдаяр хан Лаһчилердің діни рәсімі шарифатқа теріс келеді деп, олардың шайхын дарға асып өлтіреді (5, 30 б.). Тарихшы Ю. Петраштың айтуынша, Қоқан билеушілері тариқат жетекшісін жазалаумен шектеліп қалмай, Лаһчилердің өзін жер аударып, сүргінге айдайды (7, 83 б.). Бұрынғы жерлерінен айырылған тариқат мүшелері орталық биліктің құрығы жетпейтін Алай және Памир тау жоталарын паналаған. Осындағы орныққан сопылар Лаһчи дәстүріне сай мүриттер тәрбиелеп, өз діни ұстанымдарымен өмір сүруді жалғастырған.

Ресей империясы 1876 жылы Қоқан хандығын біржолата жойып, оның орнына Түркістан губернаторлығын құрды. Лаһчилер мекендеген Ферғана өңірі Түркістан губернаторлығына қарады. Өздерін қатаң айыптаған Қоқан билеушілері тақтан тайдырылғаннан кейін Лаһчилер өз идеологиясын емін-еркін насикаттауды жүзеге асыра бастайды. Аумалы-төкпелі сол дәуірде қырғыздың Жау Кесек тайпасы Марғұлан уәлаятынан Сүр кентіне

қоныстанып, осында Ишан Бабажан халифа Рахманқұлов деген дін көсемі Лаһчи дәстүрі бойынша мүрит тәрбиелеуді қолға алады. Еркек мен әйелдердің басы қосылып, бірге атқаратын зікірлерін мешіттерде емес, Лаһчилерге қатысы бар сопылардың үйлерінде жүзеге асырады. Лаһчилердің ашықтан ашық жария зікірді насикат қылуы, мұндағы өзге діни топтардың наразылығын тудырады. Лаһчилер жетекшілерінің бірі Молда Жапарқұл ишанның үстінен бейәдеп қылық жасайды деп, орыс үкіметіне арыз түсіреді (3, 97 б.).

Ферғана облысының жандармериясы мәселені анықтауға Барон Путлерді жібереді. Ол Сүр қышлағына барып, Лаһчилердің арасында болып, үкіметке мынадай рапорт береді: *«Молда Бабажан халифа мен Молда Жапарқұл халифа екеуі де ишан (сопылық жолды ұстанады). Екеуінің де Соһ мақаласында Нойгун-Қыпшақ рулары арасында мүриттері бар. Бұлардың біріншісі Қоқандағы Мәделіхан медресесінде Хаким Халифадан діни білім алған. Ал екіншісі ресми түрде еш жерден діни білім алмаған. Тіпті, бейресми де діни білімі жоқ».*

Лаһчилер туралы одан әрі қарай мынадай мәлімет көрсетеді: *«Молда Бабажан мешіттен тысқары жерде, әлдебіреулердің үйінде кешкісін зікір өткізеді. Бұл діни рәсімге әйелдер де, еркектер де қатысады. Дутар аспабымен музыкалық діни әуен шертеді. Зікірді түннің бір уағына дейін жасайды. Шаршағанда киім-*

¹ Дөңгеленіп биге ұқсас қимылдармен Алланы зікір ету.

² Сәма жасауды Бахауиддин Нахшбанди тоқтатқан.

дерін жамылып, ұйықтай салады. Зікірді ашық өткізгендіктен, оларды барлығы біледі. Молда Бабажан халифа мен Молда Жапарқұл халифаның бұл әрекеттерін шариятқа қайшы, әдепке жатпайды деп кінәлайды. Лаһчилерді өзгелер эретик санайды. Бұзық адамдардың тобы деп есептейді» (3, 98 б.).

Патша үкіметі Лаһчилерге қатысты бейтарап ұстанымда болуды дұрыс санады. Оларға қарсы діндарларға қарсы тосқауыл болған жоқ. Осы мүмкіндікті пайдаланған жергілікті діндарлар 1885 жылы Лаһчилердің бір бөлігін Сүр кентінен көшіп кетуіне мәжбүрледі. Көнбегендерін қаскөйлікпен улап тастайды. Осыдан кейін Лаһчилер бұрынғыдай ашық әрекет жасамауға тырысты. Бірте-бірте Қадамжай және Баткен өңірінде жасырын діни топқа айналды. Дегенмен жергілікті діндарлар мен Лаһчилер арасындағы келіспеушілік дамылдаған жоқ. Тарихи деректер бойынша 1912 жылы және 1916 жылы олардың арасында дау-дамай орын алған. Жергілікті діндарлар Лаһчилерді «дінсіз» және «әдепсіз» деп айыптауын тоқтатпаған. Соң қышлағындағы (қазіргі Өзбекстанның Марғұлан облысында) Лаһчилердің ашық зікір салып, сәма ритуалын орындауына жергілікті діндарлар қатаң тыйым салған (3, 99 б.). Сөйте тұра, Ферғана жазығында Лаһчи тариқаты баяу қарқынмен ілгерілей түсті. Қадамжай, Сүр, Раут, Газ, Яр-Құтан, Ормош, Сырт, Өзгент, Согмент қышлақтарында Лаһчи сопыларының саны артты.

Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдары Лаһчилер бостандыққа қол

жеткізіп, бұрынғыдай қысым мен құқайдан құтылды. Коммунистік билік діни сенім бостандығын паш еткендіктен, Лаһчилер жаңа билікпен ымыраға келіп, басмашыларға қарсы күресте күш біріктірді. Тек Лаһчилерге қатысы бар «Шашты ишандар» деген діни топ өкілдері басмашыларға қосылып, Кеңес үкіметіне қарсы күресті. Ферғана жазығындағы басмашылардың көсемі – Абдулазиз мақсұм, Молда Декхан, Хәл қожа (6, 118 б.) секілді тұлғалар Ясауи тариқатының өкілдері еді.

«Шашты ишандар» қозғалысының жетекшісі Әбу Муталип Сатыбалдиев тікелей Лаһчи тариқаты мүршиттерінің бірі болатын. Шашты ишандар қозғалысы Оштың Ләйлек, Баткеннің Қызыл қия, Сулуткі өңірлерінде ерекше байқалды. Шилғазы қышлағында Әбу Муталип Сатыбалдиевтің штабы орналасты (5, 36 б.). Қырғыз тарихшысы С. Мәмбеталиевтің пікірінше, Шашты ишандар Кеңес үкіметіне қарсы өзге басмашы топтармен және империялық билікті жақтаушы ақтармен астыртын ауыз жаласқан. Кеңес үкіметіне қарсы күрескен Әбу Муталип Сатыбалдиевпен бірге Шашты ишандардың отыз екі мүшесі 1936 жылы тұтқындалып, барлығы ату жазасына кесіледі. Осылайша, Шашты ишандар қозғалысы аяқталған. Бірақ жазадан аман қалған қозғалыс мүшелері 1950 жылдары Тұрсынбай Мадарипов ишанның бастамасымен қайта бас көтерген. Кейін Кеңес үкіметінің қысымына шыдамаған Тұрсынбай Мадарипов ишан қозғалысты тоқтатқанын ресми түрде жариялаған. С. Мәмбеталиевтің

пікірінше, бұл қозғалыс мүшелерінің конспирологиясы еді (5, 37 б.).

Өзбекстанның Марғұлан облысындағы Жайылма қышлағындағы Лаһчилер бұрынғы конспирологиялық ережелерінен бас тартып, ашық Құл Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметін» музыкалық аспаптармен айта бастады. Алайда Лаһчилер кеңестік биліктің атеистік саясатын қолдаған жоқ (6, 120 б.). Екі тараптың коалициясы 1920 жылдан бастап бірте-бірте ыдырай бастады. Себебі Лаһчилер шариятшыл діни топтармен өз араларында түсініспеушілік болғанымен, сайып келгенде, олар дінсіздікті құптамайтын. Десе де Кеңес үкіметінің бай мен кедейді теңестіру саясаты, еркек пен әйел теңдігі, еңбекшілерді колхоздарға біріктіру секілді әлеуметтік іс-әрекеттеріне Лаһчилер қарсы келген жоқ. Олар жасырын түрде өздерінің «Ишан-ата» басқару жүйесін сақтай отырып, сопылық ілімді насихаттауын жалғастырды. Бір қарағанда жаңа биліктің «әлеуметтік теңдік» идеологиясын мойындаған секілді көрінді. Екінші жағынан, Кеңестік биліктің атеистік идеологиясына жасырын қарсы күресті.

Кеңес үкіметі II Дүниежүзілік соғыстан кейін біршама дінге еркіндік бергенін пайдаланған Ферғана жазығында орналасқан Соһ қышлағындағы Лаһчилер діни қозғалысты күшейте бастады. Бұл қозғалыс ерекше қарқын алмаса да, 1980 жылдарға дейін үзілместен жалғасын тапты. Ю. Петраштың жеткізуінше 1981 жылдары Лаһчилер өз идеологиясын ашық насихаттауға көшкен. Дегенмен Лаһчилер той-думан, жаназа, басқа да түр-

лі әлеуметтік жиындарға өздерін сопы ретінде көрсетпеуге тырысты. Ескі заманда өзге діни топтардың оларға түрлі айыптаулар тағуы, Лаһчилердің көбінесе өздерін көпшілік алдында жасырын ұстауына итермелеген. Осыған байланысты кеңестік билік өкілдері Лаһчилерді сенімсіз, мемлекет идеологиясына қарсы жасырын діни топ ретінде бағалаған (6, 120 б.).

Кеңес үкіметі ыдырап, Қырғызстан мен Өзбекстан өз алдына дербес ел болған шақта, Лаһчилер діни сенім бостандығының жылы лебін шындап сезінді. Бұрынғыдай Лаһчилерге қысым көрсету тоқтады, әйтсе де Қырғызстанның Баткен және Өзбекстанның Әндіжан өңірінде орын алған 1990 жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басындағы террорлық оқиғалар аймақтың тыныштығын бұзды. Сонымен қатар Кеңес үкіметі ыдыраған соң Қырғызстан мен Өзбекстанда жұмыссыздық артып, елдің әлеуметтік ахуалы қиындады. Осыған орай, нәпақа іздеп, ауылдан қалаға көшу үдерісі Ферғана жазығында ерекше қарқын алды. Урбанизация үдерісі аталған өңірдегі Лаһчи топтарына да кері әсерін тигізді. Қырғызстан мен Өзбекстанның өз алдына дербестік алуына байланысты, Лаһчилер бөлініп екі мемлекетте қалғандықтан, Баткен мен Марғұландағы сопылардың барыс-келісі сиреді. Жастардың қалаға, қала берді шетелдерге жұмыс іздеп кетуі, Лаһчи топтарының буын алмасу процесіне сына қақты. Аталған мемлекеттерде құрылған Діни басқармалардың діни насихатының күшеюі де, Лаһчи жастарының дәстүрлі діни ритуалдарға немкетті қарауына әкелді.

Бүгінде Лаһчилерге тән діни ритуалдарды орта жастан асқан кісілер ғана сирек орындайды. Дутармен хикмет айту дәстүрін де некен-саяқ абыздар жырлай алады.

Қазіргі таңда Лаһчилердің басым көпшілігі Баткен облысы Қайыңды ауылында өмір сүреді. Ош, Қадамжай, Сүр, Өзгент, Нарындаөздерін Лаһчисанайтын отбасылар ұшырасады. Алайда олардың көпшілігі байырғы Лаһчилердің ұрпағы болуына байланысты, өздерін сол діни қауымнан деп есептейді. Ал шынайы өмірде Лаһчи тариқатының ритуалдарын орындай бермейді. Өйткені қанша дегенмен Кеңес үкіметінің атеистік саясаты Лаһчилердің діни тұрғыдан қарайып қалуына әсер етті. Осы себепті, бүгінде Лаһчилердің басым көпшілігі сопылық дәстүрлерді формальді түрде ұстанады.

Бүгінде Сүр кентінде Лаһчилердің Қожа Нияз атты пірі өмір сүреді. Пірден қарағанда, Қожа Ниязды «мақсұм» (пірдің ұрпағы) десек болады. Дегенмен Қожа Нияз пір Лаһчи дәстүрін ұстанып, «Диуани хикметті» жырлап, белгілі бір мерзімдерде сопылардың басын қосып, сәма ритуалдарын орындауға мұрындық болып келеді. Лаһчилердің дутар шертіп, «Диуани хикмет» пен «Дестегүл» жырларын

айтатын абыздары Раут қышлағында ғана кездеседі. Аллаһшылар Раут қышлағындағы Қожа Матлуб Әли шайхының басында жылына бір рет Құдайы ас беріп, осында жиындарын өткізеді (1, 6 б.).

ҚОРЫТЫНДЫ

Баткендегі Лаһчилердің үлкендері жылма-жыл бір рет жаз айларында Түркістанға сапар шегіп, Құл Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат жасайды. Олар үшін бұл сапар қасиетті саналады. Екімыңыншы жылдардың басында бірқатар Лаһчи жастары Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи университетінде арнайы квотамен білім алған. Қазіргі таңда Қырғызстанда шетелдік дипломды настрификациялаудың қиындауына байланысты Лаһчи жастарының Қазақстанда оқып білім алуы сирей бастады. Десе де Лаһчилікті ұстанушы сопылар Өзбекстан мен Қазақстан баспаларынан шыққан Құл Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметін» және өзге де сопылық әдебиеттерді алдыртып, аса қызығушылықпен оқып, өз араларында талқылайды. Яғни тариқат өкілдерінде дәстүрлі діни ритуалдарды жиі орындау азайғанмен, олар да діни ағартушылық тұрғысында алға жылжу бар екендігі аңғарылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Исахан М. Ферғана жазығындағы Аллаһшылар дегеніміз кімдер? // Мұнара газеті. – 2025. – № 8.
2. Исахан М. ҚР Баткен облысына 15-20 мамыр 2024 жылы жасалған іс-сапар есебі.
3. Dr. Ali Yaman. Orta Asya'da Yesevilik Allahçılar Laçiler. – Ankara, 2017. – 200.
4. Necdet Tosun, Türkistan Dervişlerinden Yâdigâr. – İstanbul: İnsan Yay., 2011. – 198.

5. Мамбеталиев С. Пережитки некоторых мусульманских течений в Киргизии и их история. – Фрунзе: Мектеп, 1969. – 44
6. Alexandre Bennigsen. Sufi ve Komiser. – Ankara, 1988. – 363.
7. Петраш Ю.Г. Тень средневековья. Алматы. Издательство «Казахстан», 1981. – 150 б.

REFERENCES

1. Isakhan, M. “Fergana zazygyndagy Allahshylar degenimiz kimder?” Múnara gazetі, no. 8, 2025.
2. Isakhan, M. QR Batken oblysyna 15–20 mamyr 2024 jyly jasalgan is-sapar esebi.
3. Yaman, Dr. Ali. Orta Asya’da Yesevilik Allahçılar Laçiler. Ankara, 2017. – 200.
4. Tosun, Necdet. Türkistan Dervişlerinden Yâdigâr. Istanbul: İnsan Yay., 2011. – 198.
5. Mambetaliev, S. Perezhitki nekotorykh musul’manskikh techenii v Kirgizii i ikh istoriia. Frunze: Mektep, 1969. – 44.
6. Bennigsen, Alexandre. Sufi ve Komiser. Ankara, 1988. – 363.
7. Petrash, Yu. G. Ten’ Srednevekov’ia. Almaty: Kazakhstan, 1981. – 150.